Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Филология факультеті
А. Байтұрсынұлы атындағы Қазақ тіл білімі кафедрасының
докторанты Т. Нұрбековтің 8D02307 – Қазақ филологиясы мамандығы
бойынша Философия докторы (PhD)дәрежесін алу үшін дайындалған
«Қазақ халық ертегілеріндегі әлемнің тілдік бейнесі» атты
диссертациясына

ПІКІР

Кез келген халықта ертегі дискурсы әлеуметтік-мәдени әлем бейнесінен ақпарат беретін мәтін үлгісі ретінде ерекше бағаланады. Қазақ халқының этникалық мәдениеті пен дүниетанымын айқындайтын тілдік бірліктермен таңбаланған, танымдық шындығын айқындайтын ұғымдар жиынтығынан құралған ертегілер мәтінін зерделеудің маңызы мен өзектілігі анық. Қазақ тіл білімінде зерттеу нысаны ретінде қазақ халық ертегілері енді-енді ғана қолға алына бастағандықтан, оның әлемнің тілдік бейнесіндегі маңызын ғылыми тұрғыдан саралап, жүйелеудің, тұрмыс-салт ертегілеріндегі әлемнің тілдік бейнесінің лингвомәдени ерекшеліктері мен ондағы рухани-мәдени құндылықтардың көрінісін, рефлексиялық сипатын зерделеудің маңызы ерекше. Сондықтан диссертациялық зерттеу жұмысында осы мәселелерді анықтауды мақсат ретінде алып, оның негізгі міндеттері мен басты тұжырымдары айқындалды.

Диссертанттың жұмысы екі тараудан тұрады. «Тұрмыс-салт ертегілерінің тілдік ерекшелігі мен танымдық мәні» атты тарауда әлем бейнесінің типологиясы туралы мәдениеттану ғылымында жасалған зерттеулер талданып, оның дін, ғылым, өнер, мораль, саясат және тілмен байланысты екені көрсетілді. Қазақ ертегісін зерттеген ғалымдардың еңбектері сараланып, оларға терең талдау жасалды.

Адам баласының қабылдау нәтижелері саналатын әлем бейнесін ертегілер арқылы танып-білудің мәні мен маңызы ерекше. Ертегі дискурсында қолданылатын сөз мағыналарын талдау арқылы халық дүниетанымында қалыптасқан ұғымдардың концептуалды сипатын айқындауға диссертант ерекше көңіл бөледі. Қазақ дүниетанымындағы уақыт ұғымының ертегілерде берілуіне назар аудару арқылы, ертегінің мекеншақтық сипаты талданды. Ертегілердің уақыт категориясы арқылы анықталатын ішкі терең философиясы зерделенді.

Диссертант ертегі арқылы айқындалатын әлемнің тілдік бейнесін халықтың қарапайым санасында тарихи қалыптасқан болмыстың көрінісін тілдік таңба арқылы сәулелендіре таңбалап, шындықтың танымда тұжырымдалған сипатын танытатын тәсіл ретінде бағалайды.

Диссертант «Ер Төстік» ертегісін терең зерделеу арқылы тыңдаушыға берілетін ұлттық салт пен дәстүрді, мінезді, рухани құндылықтарды

танытудың рефлексиялық ерекшелігін ашады. Оған аксиологиялық тұрғыдан баға береді. Осы ертегі арқылы тыңдаушының ата-анасына деген сүйіспеншілігі; бауырларына деген бауырмалдық қасиеті; өзіне есеп беруге үйренуі; өзін және өзгені бағалауы жетілетінін ғылыми негіздейді. Теориялық тұжырымдарын А. Байтұрсынұлы еңбектеріндегі қағидалармен әдіптейді.

Ертегілерді талдаудағы ізденушінің басты ұғымдарды айқындап, ондағы сөз қолданыстары арқылы талдау жасауы маңызды деп есептейміз. Электрондық сауалнамалар жүргізіп, оның нәтижесін беруі де диссертациялық жұмыстың өзіндік артықшылығы деп есептейміз.

«Тұрмыс-салт ертегі мәтіндерінің семантикалық-танымдық сипаты» атты екінші тарауында далалық дүниетанымның әлемнің тілдік бейнесіндегі көрінісін талдайды. Қазақ ертегілеріндегі «жақсылық», «мейірім», «тапқырлық», «ақыл», «шындық» ұғымдары сараланады.

Қазақтың тұрмыс-салт ертегілерінде кездесетін «үй» ұғымы туған жермен, атамекенмен, отбасымен байланысты қарастырылады. Ертегілерде кездесетін «жұрт», «көшкен жұрт», «жұртқа қону», «көшкен жұрттың орны» сияқты тіркестер бұл сөздің ауыл, ел мағынасымен бірге «орын», «мекен» мағынасының бар екенін нақты деректермен талдайды. Сондай-ақ, үміт, сенім, махаббат - адам болмысының метақұндылығы, адамның биік рухани қасиеті деп қарастырып, олардың әлеуметтік-психологиялық сипатын ертегі дискурсы арқылы анықтауы да диссертациялық жұмыстың маңызды тұсы деп бағалаймыз.

Қорыта айтқанда, 8D02307 – Қазақ филологиясы мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған докторант Талғат Нұрбековтің «Қазақ халық ертегілеріндегі әлемнің тілдік бейнесі» атты диссертациясы толық аяқталған, ғылыми өзекті тақырыпты теориялық тұрғыдан зерделеп, мақсатына толық жеткен, нақты ғылыми міндеттері бойынша тұжырымдар жасаған ғылыми еңбек деп бағалаймыз.

Пікір жазған:

Отандық ғылыми кеңесші
Филология ғылымдарының докторы, профессор А.Б. Салқынбай